



«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
казак-түрік университетінің ректор өкілі


Пеями Баттал
« 31 » 03 2023ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық
казак-түрік университетінің ректоры


Ж.Темірбекова
« 31 » 03 2023ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-026-2023


ЭРАСМУС БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

АЛҒЫ СӨЗ

1. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР ДЕПАРТАМЕНТІМЕН ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлегендер – Халықаралық байланыстар департаментінің директоры З.Дуйсембекова
3. Келісілді – Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Пусат Пилтен
– Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
– Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы Қ.Тубеков
– Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2023ж.
5. Тексеру мерзімі – 2025 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан 2023



<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-026-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Эрасмус бағдарламасы туралы ереже		17 беттің 2-ші беті

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереженің мақсаты “Европа Одағының білім беру және жастар бағдарламалары” аясында жүргізілетін Эрасмус бағдарламасы мен соның аясындағы іс-шаралардың Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде жүзеге асырылуын ұйымдастыру болып табылады.

1.2 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі Эрасмус бағдарламасымен айналысатын бөлімдер мен тұлғалардың міндеттері мен құқықтарын, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінен Эрасмус бағдарламасына оқу және/немесе практика ұтқырлығы бойынша қатысатын студенттер мен сабақ беру және білім алу ұтқырлығы бойынша қатысатын академиялық және әкімшілік-шаруашылық қызметкерлерін іріктеуге, іріктелген үміткерлердің келісім-шарт және төлем жасау үдерістеріне, Эрасмус бағдарламасы аясында ұтқырлығын Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде аяқтаған студенттердің бағалар кестесіне (транскрипт) және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінен Эрасмус бағдарламасына қатысқан студенттердің академиялық тану және бағалар кестесіне қатысты негіздерді қамтиды.

1.3 УЕ-ХҚТУ-026-2023 Университет ережесі, Ахмет Ясауи университетінің сапа менеджменті құжаттарының құрамына кіреді.

2. НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

2.1 Бұл ереже:

- Қазақстан Республикасының тиісті заңдарына;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартына;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің 12.10.2018 жылғы 563 санды шешіміне;
- ҚР-ның 04.07.2018 жылғы «Жоғары оқу орындарында академиялық және басқару статусын кеңейту туралы Заңға»;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің 19.11.2008 жылғы 613 санды «Шетелде білім алу және академиялық өзара алмасу бағдарламасы регламентінің бекітілуі туралы» шешіміне «Өзгерістер енгізу туралы» 19.09.2016 жылғы 567 санды шешіміне;
- ҚР Әділет министрлігінің 9.11.2016 жылғы 14405 санды қаулысына;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің 30.12.2011 жылғы 549 санды шешіміне;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің 19.01.2011 жылғы ҚР-ның жоғары оқу орындарындағы білім алушыларға арналған академиялық өзара алмасу бағдарламасы туралы декларацияға;
- ҚР-ның 22.07.2011 жылғы 477-ІҮ санды көші-қон туралы Заңына;
- Түркия Республикасының жоғары білім туралы Заңының 7-ші, 10-шы жән 65-ші баптарына;
- Европа Одағының білім беру және жастар орталығы (Түркия ұлттық агенттігі) тарапынан Эрасмус+ қолдану кітабында көрсетілген талаптарға;
- 28.12.2006 жылғы 26390 санды ТР-ның ресми газетінде жарияланған «Жоғары оқу орындарының шетелдегі жоғары оқу орындарымен ортақ білім беру және оқу бағдарламаларын жасау туралы» регламентке, Жоғары оқу орындарының арасындағы екіжақты (өзара) келісімдер мен хаттамаларға, ТР-ның Жоғары білім беру кеңесінің тиісті заңнамасына;
- 18.02.2009 жылғы 27145 санды ТР-ның ресми газетінде жарияланған «Жоғары оқу орындары

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-026-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Эрасмус бағдарламасы туралы ереже		17 беттің 3-ші беті

арасында студент және оқытушы алмасу бағдарламалары туралы регламентке;

- Университет Жарғысына және стандарттарына, Академиялық саясатына;

- Ректорат, Сенат және Басқару кеңесі тарапынан қабылданған басқа да шешімдерге негізделе отырып дайындалды;

- Сонымен қатар Европа комиссиясы тарапынан айқындалған және Эрасмус декларациясында жазылған негіздер, тиісті жылға қатысты Эрасмус нұсқаулық кітапшасында көрсетілген талаптар, халықаралық келісімдер мен тиісті заңнамалар осы ереженің негіздемесін құрайды.

- Стратегиялық жоспар (2022-2026ж.ж.);

- ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 Құжатталған акпараттарды басқару процедурасы.

3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде берілген:

a) **ЕО (Европа Одағы) анкета формасы:** (EU Survey) Ұтқырлық кезеңінің аяқталуынан 30 күн бұрын студенттен/қызметкерден толтырылуы талап етілетін көп жауапты, ұшы ашық бағалау кестесі түріндегі сұрақтарды қамтитын онлайн форматты анкетаны,

b) **Академиялық үлгерім деңгейі:** Үміткер студенттің соңғы бағалар кестесінде (транскрипт) көрсетілген жалпы үлгерім бағасын,

c) **Европа кредит трансфер жүйесі (ЕКТЖ):** (European Credit Transfer System-ECTS) Студенттің меңгеретін (үйренетін) білімі, тәжірибесі және қабеліттеріне сол пәннің қосатын үлесін білдіретін оқу нәтижелері мен айқын түрде көрсетілген теориялық немесе практикалық пән сағаттарын және студенттер үшін қарастырылған басқа үдерістерге қатысты жұмыс сағаттарын негізге ала отырып белгіленген студенттің жұмыс жүктемесін,

d) **Академиялық бөлім:** факультеттерді,

e) **Онлайн форматта тіл білу деңгейіне қолдау көрсету:** (Online Language Support- OLS) Жоғары білім беру жүйесінде студенттерге арналған ұтқырлық үдерістерінен (оқу немесе практика) пайдаланатын студенттер үшін Европа комиссиясы тарапынан Эрасмус бағдарламасын пайдаланушылардың тіл білу деңгейлеріне қосқан үлесін өлшеу үшін ұсынылған жүйені,

f) **Оқу (алмасу) келісім-шарты:** Оқу (алмасу) келісім-шарты өзгертілген/өшірілген/қосылған пәндерді және Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің тиісті бөлімдеріндегі сәйкес келетін (теңестірілген) пәндерді көрсетеді және студенттің өзі, сондай-ақ баратын университеттің оқу келісім-шартына қол қоюға жауапты тұлға, бөлім басшысы және тиісті алмасу бағдарламаларының координаторлары тарапынан қол қойылған келісім-шартты,

g) **Пәнді сәйкестендіру құжаты:** (Recognition Sheet - Course Equivalents) Эрасмус бағдарламасына қатысатын студенттің оқуға баратын университетте оқитын пәндері мен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі бөлім/мамандық пәндерінің сәйкес келетіндігін көрсететін құжатты,

h) **Эрасмус тіл біліктілігі емтиханы:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Лингвистикалық орталық тарапынан Эрасмус бағдарламасына қатысуға үміткер студенттердің тіл білу деңгейін анықтау мақсатында жылына ең кемінде бір рет өткізілетін шет тілі емтиханын,

i) **Эрасмус координаторы:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Халықаралық байланыстар департаментінің директорын,

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-026-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Эрасмус бағдарламасы туралы ереже		17 беттің 4-ші беті

- j) **Алмасу бағдарламалары бөлім координаторы:** Академиялық бөлімдерде жұмыс істейтін алмасу бағдарламаларына (Эрасмус+, Мәулана т.б.) жауапты оқытушыны,
- k) **Эрасмус бағдарламасы:** Студенттің екіжақты келісім-шарт арқылы шетелдегі жоғары оқу орнында білім алуы, белгілі бір ұйым/мекемеде практика өткізуі, оқытушылардың шетелдегі жоғары оқу орнында сабақ беруі, оқытушылардың/қызметкерлердің білім алуы сияқты ұтқырлық үдерістерін қамтитын Европа Одағының білім беру және жастар бағдарламалары шеңберіндегі Эрасмус бағдарламасын,
- l) **Эрасмус іріктеу комиссиясы:** Эрасмус нұсқаулық кітапшасына қарай Эрасмус бағдарламасы аясында жоғары оқу орны әртүрлі әлеуметтік ортадан келген барлық қатысушыларға тең мүмкіндіктер ұсынуды қамтамасыз етуге, потенциалды қатысушылар арасында бөлінушілік (алалаушылық) жасамауға жауапты болып табылады. Осы орайда Эрасмус бағдарламасынан пайдаланатын студенттер мен оқытушыларды және әкімшілік-басқару қызметкерлерін іріктеу үшін вице-ректор тарапынан тағайындалған ең кемінде үш негізгі және жеткілікті мөлшерде қосалқы мүшеден құралған комиссияны,
- m) **Екіжақты келісім:** (Inter-institutional Agreement-ИА) Эрасмус бағдарламасының оқу ұтқырлығы мен қызметкерлердің сабақ беру ұтқырлығы аясында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің серіктестігімен, бағдарлама жүргізілетін елдердегі Эрасмус хартиясына ие жоғары оқу орындары арасындағы студент/оқытушы алмасу келісімін,
- n) **Оқу келісімі:** (Learning Agreement) Алмасу бағдарламасына қатысуға үміткер студенттің баратын университетін, оқитын пәндерін, пәндердің кредитін көрсететін және студенттің өзінің университетіндегі бөлім координаторы мен оқуға баратын университеттің Эрасмус координаторы тарапынан қол қойылған келісімді,
- o) **Ректорат:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ректоры мен Ректор Өкілін,
- p) **Вице-ректор:** Қаржы және халықаралық байланыстар жөніндегі вице-ректорын,
- q) **Сенат:** Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Сенат мәжілісін,
- r) **Практика ұтқырлығына арналған оқу келісімі:** : (Learning Agreement for Traineeship) Алмасу бағдарламасына қатысуға үміткер студенттің баратын оқу орны, практика өткізілетін уақыт (мерзім), кәсіптік білім алу немесе жұмыс тәжірибесін алмасу үдерісіне қатысты мәліметтер берілген, студенттің өзінің университетіндегі бөлім координаторы мен оқуға баратын университеттің Эрасмус координаторы тарапынан қол қойылған келісімді,
- s) **Нұсқаулық кітапшасы:** Түркия немесе Қазақстанның Ұлттық агенттіктері тарапынан дайындалған, тиісті жылға/келісім-шарт кезеңіне қатысты нұсқаулық кітапшасын білдіреді.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

4.1 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің Сенат отырысында талқыланады және қарастырылады.

4.2 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің ректоры және ректор өкілі тарапынан бекітіледі.

4.3 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Халықаралық байланыстар департаменті жауапты болып табылады.

4.4 Университеттің осы ережесі талаптарының сапалы орындалуына Халықаралық байланыстар департаменті, Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-026-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Эрасмус бағдарламасы туралы ереже		17 беттің 5-ші беті

орталығы жауапты болып табылады.

5. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Эрасмус бағдарламасының жүргізілуіне жауапты бөлімдер мен тұлғалардың қызметтік нұсқаулығы (міндеттері)

Міндеттері

5.1 Күзиретті бөлімдер мен тұлғалар мыналар:

- a) **Ректорат:** Эртүрлі келісім-шарттарға Ректор Өкілі және/немесе Эрасмус координаторына жауапты вице-ректор тарапынан қол қойылады.
- b) **Эрасмус Координаторы:** Университеттің Халықаралық байланыстар департаментінің директоры, Эрасмус координаторы қызметін атқарады. Университет бойынша Эрасмус бағдарламасына қатысты үйлестірушілікті қамтамасыз етеді, сондай-ақ Эрасмус бағдарламасының екіжақты келісімдерін, оқу келісімдерін, университет пен студент/қызметкер арасындағы келісім-шарттарды және университетке шетелден келген халықаралық студенттердің қабылдану/қатысу құжаттарына қол қояды.
- c) **Эрасмус іріктеу комиссиясы:** вице-ректор тарапынан тағайындалып, Эрасмус бағдарламасына қатысатын студент, оқытушы және әкімшілік-басқару қызметкерлерін орналастыруды ашықтық, әділдік, бейтараптық, тұрақтылық принциптеріне қарай жүзеге асырады.
- d) **Алмасу бағдарламалары бөлім координаторы:** Деканаттың ұсынысымен, Эрасмус координаторының пікірімен Ректорат жөн деп тапқан жағдайда 2 жылға тағайындалады. Эрасмус координаторы тарапынан бөлім координаторының қызмет атқару мерзімі аяқталмаса да қажет деп тапқан жағдайда орнына декандар тарапынан жаңадан ұсыныстар берілуі мүмкін. Бөлім координаторы; Эрасмус бағдарламасын тиісті факультеттерге таныстырады, Эрасмус бағдарламасына қатысты жаңалықтарды хабарлайды, Эрасмус бағдарламасына қатысқысы келген студенттерге университетпен пән таңдауда кеңес береді. Келісім жасалатын факультет (бөлім) үшін екіжақты келісім дайындайды және Эрасмус координаторына ұсынады. Шетелде оқып келген студенттердің алмасу кезеңінде оқыған пәндердің бағдарламаларына бейімделу жұмыстарын жүргізеді. Эрасмус бағдарламасымен шетелден келген халықаралық студенттерге пән таңдауда және басқа да академиялық мәселелерде кеңес береді. Бөлім координаторы сонымен бірге жоғары білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларының да бөлім координаторы болып табылады. Бөлім координаторы болып әр бөлімге 1 адам тағайындалады.

6. ЭРАСМУС БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚУ ҰТҚЫРЛЫҒЫ

6.1 Ұтқырлықты жүргізетін жоғары оқу орындары үшін талаптар

6.1.1 Эрасмус бағдарламасының оқу ұтқырлығы аясындағы іс-шаралар үшін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің серіктестігімен жоғары оқу орындарының арасында қол қойылған екіжақты (өзара) келісім болуы керек.

7. ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ӨТІНІШ БЕРЕТІН ҮМІТКЕРЛЕР ҮШІН ӨТІНІШ БЕРУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

7.1 Эрасмус бағдарламасына өтініш беретін студенттердің қамтамасыз етуі тиіс академиялық

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-026-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Эрасмус бағдарламасы туралы ереже		17 беттің 6–ші беті

үлгерім деңгейі мен бағалау критерийлері, Эрасмус бағдарламасының ұйымдастырылуы туралы нұсқаулық кітапшасында берілген.

7.2 Эрасмус ұтқырлық бағдарламасына қатысатын студенттердің

a) Ахмет Ясауи университетінің студенті болуы керек.

b) Бакалавр деңгейіндегі студенттердің тіркелген бөлімдерінде ең кемінде жарты жыл оқыған болуы керек.

c) Дайындық курсына оқитын студенттер Эрасмус бағдарламасына қатыса алмайды.

d) Өтініш беретін бакалавр студенттерінің академиялық үлгерім деңгейлерінің 4-тік жүйе бойынша ең кемінде 3; ал магистранттар мен докторанттардың академиялық үлгерім деңгейлерінің 4-тік жүйе бойынша ең кемінде 3,5 болуы керек.

e) Эрасмус бағдарламасы бойынша студенттер ұтқырлықтың саны мен түріне қарамай әр оқу деңгейіне (арнайы базалық орта білім, бакалавр, магистратура, докторантура) жалпы 12 айға дейін ұтқырлыққа қатыса алады.

f) Академиялық үлгерім деңгейін анықтауда студенттің алған ең соңғы бағалар кестесі негізге алынады. Студенті болып табылатын (Эрасмус бағдарламасы бойынша іріктеу жүргізілген) университет тарапынан берілген бағалар кестесінің қолданылуы тиіс. Сонымен бірге магистратура/докторантура бағдарламаларында оқып, тиісті бағдарламалардың алғашқы семестрінде өтініш берген және оқып жатқан бағдарламасы бойынша әлі Ахмет Ясауи университетінде бағалар кестесі дайындалмаған студенттер үшін бұрынғы оқу деңгейінде/бағдарламасында (бакалавр/магистратура) алған дипломындағы бағалар кестесі негізге алынады.

8. ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ӨТІНІШ БЕРЕТІН ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ӨТІНІШ БЕРУ ҮДЕРІСІ

8.1 Үміткерлер; Эрасмус ұтқырлық бағдарламасына өтініш беру туралы мәліметтерді Эрасмус координаторының тікелей өзінен, Ахмет Ясауи университетінің Халықаралық байланыстар департаментінің интернет сайтынан және байланыс нөмірлерінен ала алады. Эрасмус ұтқырлық бағдарламасына қатысты екіжақты келісім мәтіні, Ахмет Ясауи университетінің Халықаралық байланыстар департаментінің интернет сайтында жарияланады.

8.2 Өтініш беру және емтихан өткізілетін күндер Эрасмус координаторы тарапынан белгіленеді және Ахмет Ясауи университетінің Халықаралық байланыстар департаментінің интернет сайтында сол жылға қатысты нұсқаулық кітапшасында көрсетілгендей өтініштер қабылданатын күннен ең кемі 20 күн бұрын жарияланады, үміткерлерге өтініш берулері үшін ең кемі 15 күн уақыт беріледі.

8.3 Студент, Эрасмус координаторы тарапынан белгіленіп, жарияланған күндердің ішінде интернет арқылы берілген тәртіп-тәсілдермен өтініш беруі керек.

8.4 Университеттерді таңдай алады. Таңдау жасағанда бөлім координаторы мен үміткерлердің диссертация жетекшілерінің пікірлері, тиісті университеттің сабақ кестесі, пәндердің құрылымы мен мазмұны, оқу тілі, пәндердің ЕКТЖ кредиттері немесе университеттің кредит жүйесі және соған ұқсас жағдайлар негізге алынады.

9. ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫНА ҮМІТКЕРЛЕРДІ БАҒАЛАУ (САРАПТАУ/ҚАРАУ) ҮДЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ

9.1 Студенттердің шет тілі біліктілік деңгейлерін анықтау үшін өткізілетін Эрасмус тіл

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХКТУ-026-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Эрасмус бағдарламасы туралы ереже		17 беттің 7–ші беті

біліктілігі емтиханы және оның нәтижелері өтініш беру кезеңінде Ахмет Ясауи университетінің лингвистикалық орталығы тарапынан өткізіледі. Емтихан нәтижелері 2 жылға жарамды болып есептеледі. Сондай-ақ Ахмет Ясауи университетінің Дайындық курсы бітірген студенттер, шет тілі біліктілік емтиханына кірмей-ақ оның орнына оқуды бітірген кезде алған (дипломдағы) бағаларын Эрасмус бағдарламасына өтініш беруде оқуды бітірген күннен бастап 3 жылға дейін пайдалана алады.

9.2 Үміткерлердің Эрасмус тіл біліктілігі емтиханында Эрасмус координаторы тарапынан тиісті іріктеу кезеңі үшін белгіленген ең минималды ұпайды алуы керек. Алайда, жарамдылық мерзімі бітпеген осы сияқты тіл біліктілігі емтиханынан тиісті іріктеу кезеңі үшін белгіленген ең минималды ұпайға тең (сәйкес) келетін ұпай алған студенттер, Эрасмус тіл біліктілігі емтиханына қатыспауына болады.

9.3 Өтініштер, сол жыл үшін белгіленген және өтініш беру үдерісінен бұрын жарияланған критерийлерді назарға ала отырып Эрасмус іріктеу комиссиясы тарапынан қаралады және орналастыру жұмыстары жүргізіледі.

9.4 Өтініштерді қарау нәтижелері студенттердің алған барлық ұпайларын қамти отырып Халықаралық байланыстар департаментінің интернет сайтында жарияланады.

9.5 Бағалау және орналастыру нәтижелері, өтініш берілген университет тарапынан жіберілген тізім бойынша негізгі және қосалқы түрде жарияланады. Сондай-ақ Департаменттің интернет сайтында жарияланады.

10. ҚАБЫЛДАНҒАН ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНЕ ЖАТАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР

10.1 Ұтқырлыққа қабылданған студенттер, жұмыстарын бастамай тұрып және жұмыстарын бітіргеннен кейін әрқайсысы жеке-жеке оқу үдерісі жүргізілетін тілден емтихан тапсырады. Тапсырған емтихан, студенттердің іріктеліп қою (қабылдану) жағдайларына әсер етпейді. Жұмыстарға дейін және жұмыстардан кейін өткізілетін емтихандар, студенттің тіл білу деңгейінде өзгерістердің (ілгерілеу, жетілдіру) бар-жоқтығын анықтау мақсатында өткізіледі. Бұл екі емтихан да міндетті болып саналады. Емтихандар Ахмет Ясауи университетінің Лингвистикалық орталық тарапынан өткізіледі.

10.2 Эрасмус бағдарламасымен белгілі бір университетке орналастырылған және сол университетке бару құқығына ие болған студенттің; оқуға баратын университеттегі бөлімнің академиялық кестесін, оқу тілін, оқу бағдарламасын, жатақхана және оның ақысын, виза, сақтандыру полюсі, тұратын қаласы, ай сайынғы орташа шығын көлемі және жол (транспорт) туралы әртүрлі мәліметтерді алуы өзінің жауапкершілігіне кіреді.

10.3 Шетелдегі университет тарапынан талап етілетін құжаттарды дайындау студенттің жауапкершілігіне жатады.

10.4 Құжаттарды дайындауда Эрасмус координаторы және Халықаралық офис тиісті студентке бағыт-бағдар береді.

10.5 Құжаттар шетелдегі университеттің тиісті офисіне, Эрасмус координаторымен байланыса отырып өтініштер қабылданатын соңғы күннен бұрын жіберіледі.

10.6 Студенттің шетелге шығуға қатысты жұмыстары, шетелде тұратын жерді қамтамасыз ету мәселесі, төлқұжат және виза жұмыстары студенттің өзінің жауапкершілігіне кіреді.

10.7 Бөлім координаторы, студентке академиялық мәселелер бойынша көмектесуге жауапты

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-026-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Эрасмус бағдарламасы туралы ереже		17 беттің 8–ші беті

болып табылады.

11. ҰТҚЫРЛЫҚ АЯСЫНДА ОҚУҒА ҚАБЫЛДАНҒАН ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША БӨЛІМ КООРДИНАТОРЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІНЕ ЖАТАТЫН ҮДЕРІСТЕР

11.1 Эрасмус бағдарламасы бойынша оқуға баратын студент, ұтқырлық кезеңінде оқитын пәндердің аттары мен кредиттерін, сондай-ақ бұл пәндердің Ахмет Ясауи университетінде тіркелген бөліміндегі (мамандық) пәндермен сәйкес келетіндігін көрсететін оқу келісім-шартын (Learning Agreement) және пәндерді сәйкестендіру құжатын бөлім координаторымен бірге дайындайды. Оқу келісім-шартына студент пен тиісті бөлім координаторы қол қояды.

11.2 Пәндерді сәйкестендіру құжаты, ұтқырлыққа қатысатын студенттің баратын университетте оқитын пәндері мен Ахмет Ясауи университетіндегі бөлім/мамандық пәндерімен сәйкес келетіндігін көрсететін құжат болып табылады. Бұл құжатқа кафедра меңгерушісі, бөлім координаторы және студент қол қойып Эрасмус координаторына тапсырады.

11.3 Оқу келісім-шарты (Learning Agreement) жасалатын кезде екінші университетте оқылатын пәндер, тиісті бөлім координаторы тарапынан анықталады. Студенттің шетелдегі университетте оқитын пәндері мен Ахмет Ясауи университетіндегі тиісті семестрде оқылатын пәндердің дәлме-дәл сәйкес келуі қажет емес. Бірақ, мазмұн жағынан бағдарламадағы (мамандық) сәйкес келетін пәндердің таңдалуына мән беріледі. Жалпылама сәйкес келген жағдайда бір пән, бірнеше пәнмен сәйкестендірілуі мүмкін.

11.4 Оқуын Ахмет Ясауи университетінде бітіріп шығу үшін әр семестрде 30 ЕКТЖ кредиттік пәндерді оқып үлгерімі жақсы болуы керек. Эрасмус бағдарламасы бойынша оқыған студенттің жарты жылда 30 ЕКТЖ кредиттік пәндерді оқуы күтіледі.

11.5 Университет бөлімдері екіжақты келісімдердің негіздеріне қайшы келетін іс-әрекеттер жасай алмайды. Факультет бойынша екіжақты келісімдерге қайшы шектеулер қойылмайды. Екіжақты келісімдердің аясында анықталған контингенттер бойынша үміткер студенттерді орналастыру жұмыстары жүзеге асырылады.

11.6 Эрасмус бағдарламасының студенттері, барған университеттерінде оқитын пәндерінің болмауы немесе контингент толық болуы сияқты жағдайларға байланысты бекітіліп қойған оқу келісім-шартына өзгерістер енгізілетін жағдайда оны Эрасмус координаторына және факультеттердегі бөлім координаторына айтуға міндетті болып табылады.

11.7 Оқу келісім-шартына өзгеріс енгізілген жағдайда, тиісті бөлім координаторы мен студент тарапынан өзгеріс енгізілген оқу келісім-шарты дайындалуы керек. Өзгеріс енгізілген оқу келісім-шартына, өзгертілген пәндер мен Ахмет Ясауи университетінің тиісті бөліміндегі сәйкес келетін пәндер жазылады. Тиісті құжатқа студенттің өзі, оқуға баратын университеттегі оқу келісім-шартына қол қоятын тұлға және бөлім координаторы қол қояды және Эрасмус координаторына жібереді.

12. ҰТҚЫРЛЫҚ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАНҒАН ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ЭРАСМУС КООРДИНАТОРЫНА ТАПСЫРАТЫН ҚҰЖАТТАРЫ

12.1 Ұтқырлық бағдарламасының студенттері мен университет арасында келісім-шарт жасалады. Осы келісім-шарт арқылы студенттің Эрасмус бағдарламасына қатысатындығы нақтыланады. Келісім-шартқа қол қою үшін мына құжаттар қажет:

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-026-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Эрасмус бағдарламасы туралы ереже		17 беттің 9–ші беті

- a) Қабылдау/шақыру хаты (Letter of Acceptance/Invitation)
- b) Оқу келісім-шарты (Learning Agreement)
- c) Пәндерді сәйкестендіру құжаты (Recognition Sheet)
- d) Бағалар кестесі (Transcript of Records)
- e) Сақтандыру полюсі

12.2 Ұтқырлыққа қатысудан бас тартқан үміткерлер, бұл жағдайларын уақыт өткізбей Эрасмус координаторына жазбаша түрде білдіреді.

12.3 Ұтқырлыққа қатысу үшін келісім-шартқа қол қойғандар бағдарламаны жүзеге асырмаған жағдайда оларға өздері қол қойған келісім-шарт ережелері және басқа да тиісті заңнамалар бойынша заңды шаралар жүргізіледі.

12.4 Бакалавр студенттері мен жоғары білімнен кейінгі ізденушілердің ұтқырлық бағдарламасына қатысу (оқу) кезінде егер Ахмет Ясауи университетіне тіркелген бөлім/мамандық бойынша төлеуі тиіс салық қарызы болатын болса тиісті төлемді жасайды, бірақ пән таңдай алмайды. Оқу келісім-шарты пәнді тіркеудің орнына саналады. Жоғары білімнен кейінгі ізденушілердің тиісті семестрге қатысты міндетті пәндерінің себебінен семестрдегі оқуларын өткізіп алмауы үшін тіркелген мамандықтары оқытылатын факультетпен пән таңдау кезінде хабарласулары керек.

13. ҰТҚЫРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫН БІТІРГЕН ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ЕЛГЕ КЕЛГЕННЕН KEЙІНГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК МІНДЕТТЕРІ

13.1 Ұтқырлық бағдарламасына қатысқан студент; оқу үдерісінің басталу және аяқталу уақыты көрсетілген қатысу сертификатын, бағалар кестесін (транскрипт), оқу келісім-шартына өзгеріс енгізілген болса өзгертілген оқу келісім-шартын және пәндерді сәйкестендіру құжатын Эрасмус координаторына тапсыруға міндетті.

13.2 Шетелдегі университеттен келген бағалар кестесі (транскрипт) Эрасмус координаторы тарапынан деканат арқылы тиісті бөлім координаторына жіберіледі.

13.3 Бағалар кестесі (транскрипт) бөлім координаторы тарапынан жасалып, Эрасмус координаторы мен факультет деканатына беріледі.

13.4 Студенттердің Эрасмус бағдарламасының негізінде екінші университетте оқыған пәндері толық танылып бағалары қойылып бағалар кестесіне (транскрипт) жазылады. Тиісті жылға қатысты нұсқаулық кітапшасына қарай толық танылу үшін шетелдегі университетте оқылған және студенттің оқу келісім-шартында берілген пәндер түпнұсқа код, пән атаулары және кредиттерімен бірге студент ұтқырлық бағдарламасын бітіріп келгеннен кейін бағалар кестесіне жазылады және диплом қосымшасына ұтқырлық бағдарламасымен оқыған университеттің аты және қай пәндерді Эрасмус бағдарламасы бойынша оқығандығы жазылады.

13.5 Эрасмус бағдарламасына қатысқан студенттер шетелдегі оқуларын бітіріп университетке қайтқаннан кейін Эрасмус бағдарламасына қатысты ЕО анкета формасын толтыруы тиіс.

13.6 Эрасмус бағдарламасымен Ахмет Ясауи университетінен оқуға кеткен және Ахмет Ясауи университетіне Эрасмус бағдарламасымен оқуға келген бакалавр студенттері мен жоғары білімнен кейінгі бағдарламаларда оқитын ізденушілердің (магистрант, докторант) бағалар кестесі (транскрипт) төменде көрсетілген ЕКТЖ бағаалу кестесі негізге алына отырып жасалады.

1-Кесте. Бакалавр және жоғары білімнен кейінгі бағдарламалардың ЕКТЖ бағалау кестесі

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-026-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Эрасмус бағдарламасы туралы ереже		17 беттің 10-ші беті

Әріптік бағалау	ЕКТЖ бағасы	4-тік жүйе бойынша бағалау	100-дік жүйе бойынша бағалау	Дәстүрлі бағалау
A	A	4,00	95-100	Өте жақсы
A-		3,67	90-94	
B+	B	3,33	85-89	Жақсы
B	C	3,00	80-84	Жақсы
B-		2,67	75-79	
C+		2,33	70-74	
C	D	2,00	65-69	Қанағат
C-		1,67	60-64	
D+		1,33	55-59	
D	E	1,00	50-54	Қанағат
F	Fx, F	0,5	0-49	Қанағат-сыз

14. ЭРАСМУС БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ПРАКТИКА ҰТҚЫРЛЫҒЫ

14.1 Практика бойынша ұтқырлыққа өтініш беретін үміткерлердің өтініш беру критерийлері

14.1.1 Эрасмус бағдарламасына өтініш беретін студенттердің қамтамасыз етуі тиіс академиялық үлгерім деңгейі мен бағалау критерийлері, Эрасмус бағдарламасының ұйымдастырылуы туралы тиісті жылға қатысты нұсқаулық кітапшасында беріледі.

14.1.2 Эрасмус бағдарламасымен практика ұтқырлығына қатысатын студенттердің

- Ахмет Ясауи университетінің студенті болуы керек.
- Бакалавр деңгейіндегі студенттердің тіркелген бөлімдерінде ең кемінде жарты жыл оқыған болуы керек.
- Дайындық курсында оқитын студенттер Эрасмус бағдарламасына қатыса алмайды.
- Өтініш беретін бакалавр студенттерінің академиялық үлгерім деңгейлерінің 4-тік жүйе бойынша ең кемінде 3; ал магистранттар мен докторанттардың академиялық үлгерім деңгейлерінің 4-тік жүйе бойынша ең кемінде 3,5 болуы керек.
- Эрасмус бағдарламасы бойынша студенттер ұтқырлықтың саны мен түріне қарамай әр оқу деңгейіне (арнайы базалық орта білім, бакалавр, магистратура, докторантура) жалпы 12 айға дейін ұтқырлыққа қатыса алады.
- Академиялық үлгерім деңгейін анықтауда студенттің алған ең соңғы бағалар кестесі негізге алынады. Студенті болып табылатын (Эрасмус бағдарламасы бойынша іріктеу жүргізілген) университет тарапынан берілген бағалар кестесінің қолданылуы тиіс. Сонымен бірге магистратура/докторантура бағдарламаларында оқып, тиісті бағдарламалардың алғашқы семестрінде өтініш берген және оқып жатқан бағдарламасы бойынша әлі Ахмет Ясауи университетінде бағалар кестесі дайындалмаған студенттер үшін бұрынғы оқу деңгейінде/бағдарламасында (бакалавр/магистратура) алған дипломындағы бағалар кестесі негізге алынады.
- Практика үдерісі, оқу мерзімі ішінде әр курста және соңғы курстағы студенттер оқуын бітіргеннен кейінгі 12 ай ішінде өткізіледі. Оқуды бітіргеннен кейін өткізілетін практика үдерісіне өтініштер студент оқуды бітірмей тұрып (қазіргі уақытта арнайы базалық орта білім, бакалавр немесе магистратура/докторантура бағдарламасында оқып жүрген кезінде) берілуі керек. Оқуды бітіріп диплом алған студенттер өтініш бере алмайды. Оқуды бітіргеннен кейін

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-026-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Эрасмус бағдарламасы туралы ереже		17 беттің 11-ші беті

өткізілетін практика ұтқырлығы, оқуды бітірген күннен бастап 12 ай ішінде өткізілуі тиіс. Оқуды бітіргеннен кейінгі практика мерзімі мен студенттің дәл сол бағдарламада (деңгейде) өткізетін ұтқырлық мерзімі жалпы 12 айдан аспауы керек.

15. ПРАКТИКА ҰТҚЫРЛЫҒЫНА ӨТІНІШ БЕРЕТІН ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ӨТІНІШ БЕРУ ҮДЕРІСІ

15.1 Үміткерлер; Эрасмус ұтқырлық бағдарламасына өтініш беру туралы мәліметтерді Эрасмус координаторының тікелей өзінен, Ахмет Ясауи университетінің Халықаралық байланыстар департаментінің интернет сайтынан және байланыс нөмірлерінен ала алады.

15.2 Өтініш беру және емтихан өткізілетін күндер Эрасмус координаторы тарапынан белгіленеді және Ахмет Ясауи университетінің Халықаралық байланыстар департаментінің интернет сайтында сол жылға қатысты нұсқаулық кітапшасында көрсетілгендей өтініштер қабылданатын күннен ең кемі 20 күн бұрын жарияланады, үміткерлерге өтініш берулері үшін ең кемі 15 күн уақыт беріледі.

15.3 Студент, Эрасмус координаторы тарапынан белгіленіп, жарияланған күндердің ішінде интернет арқылы берілген тәртіп-тәсілдермен өтініш беруі керек.

16. ПРАКТИКА ҰТҚЫРЛЫҒЫНА ҮМІТКЕРЛЕРДІ БАҒАЛАУ (САРАПТАУ/ҚАРАУ) ҮДЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ

16.1 Эрасмус бағдарламасы бойынша практика ұтқырлығына өтініш беретін студенттердің,

а) Академиялық үлгерім деңгейінің бакалавр студенттері үшін 4,00 бағалау жүйесі бойынша ең кемінде 3; жоғары білімнен кейінгі бағдарлама ізденушілері үшін 4,00 бағалау жүйесі бойынша ең кемі 3,50 болуы,

б) Практика өткізілетін ұйым/мекемелермен хат алмасу жұмыстары жүргізілгеннен кейін тиісті бөлім координаторымен практикаға қатысты мәселелерді анықтап байланыс орнатуы керек.

17. ПРАКТИКА ҰТҚЫРЛЫҒЫ БОЙЫНША ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ҚАДАҒАЛАЙТЫН ҮДЕРІСТЕРІ

17.1 Эрасмус координаторы тарапынан өздеріне берілген соңғы өтініш беру күніне дейін практика өткізетін ұйым-мекемелерден қабылдау хатын алулары керек.

17.2 Эрасмус бағдарламасы бойынша оқуға баратын студент, практика ұтқырлығы үшін оқу келісім-шартын (Learning Agreement) бөлім координаторымен бірге дайындайды. Практика ұтқырлығы бойынша оқу келісім-шартына студент пен тиісті бөлім координаторы қол қояды.

17.3 Студенттер практика және оның мерзімі сияқты мәселелер бойынша тиісті бөлім координаторы мен кафедра меңгерушісінің келісімін (рұқсатын) алады.

17.4 Практика ұтқырлығы бойынша оқу келісім-шарты (Learning Agreement for Traineeship); практика өткізетін мекеме, Ахмет Ясауи университетінің бөлім координаторы және студент арасында жасалады. Студент; практика өткізу кестесі, тәжірибе, біліктілік, шеберлік сияқты мәселелерді қамтитын практикаға қатысты оқу келісім-шартын бөлім координаторы және практика өткізетін мекемемен бірге дайындайды.

17.5 Практика ұтқырлығына баратын студент медициналық, жауапкершілік және сақтандыру полюстерін алуы керек.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-026-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Эрасмус бағдарламасы туралы ереже		17 беттің 12–ші беті

18. ПРАКТИКА ҰТҚЫРЛЫҒЫНА ҚАБЫЛДАНҒАН ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ЭРАСМУС КООРДИНАТОРЫНА ТАПСЫРАТЫН ҚҰЖАТТАРЫ

18.1 Ұтқырлық бағдарламасының студенттері мен университет арасында келісім-шарт жасалады. Осы келісім-шарт арқылы студенттің Эрасмус бағдарламасына қатысатындығы нақтыланады. Келісім-шартқа қол қою үшін мына құжаттар қажет:

- a) Қабылдау/шақыру хаты (Letter of Acceptance/Invitation)
- b) Практика ұтқырлығы бойынша Оқу келісім-шарты (Learning Agreement)
- c) Бағалар кестесі (Transcript of Records)
- d) Сақтандыру полюсі

18.2 Ұтқырлыққа қатысудан бас тартқан үміткерлер, бұл жағдайларын уақыт өткізбей Эрасмус координаторына жазбаша түрде білдіреді.

18.3 Ұтқырлыққа қатысу үшін келісім-шартқа қол қойғандар бағдарламаны жүзеге асырмаған жағдайда оларға өздері қол қойған келісім-шарт ережелері және басқа да тиісті заңнамалар бойынша заңды шаралар жүргізіледі.

18.4 Практика ұтқырлығына баратын студенттер, жұмыстарын бастамай тұрып және жұмыстарын бітіргеннен кейін әрқайсысы жеке-жеке практика өткізілетін тілден емтихан тапсырады. Тапсырған емтихан, студенттердің іріктеліп қою (қабылдану) жағдайларына әсер етпейді. Жұмыстарға дейін және жұмыстардан кейін өткізілетін емтихандар, студенттің тіл білу деңгейінде өзгерістердің (ілгерілеу, жетілдіру) бар-жоқтығын анықтау мақсатында өткізіледі. Бұл екі емтихан да міндетті болып саналады. Емтихандар Ахмет Ясауи университетінің Лингвистикалық орталық тарапынан өткізіледі.

19. ПРАКТИКА ҰТҚЫРЛЫҒЫН БІТІРГЕН ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ЕЛГЕ КЕЛГЕННЕН KEЙІНГІ ЖАУАПКЕРШІЛІК МІНДЕТТЕРІ

19.1 Практика ұтқырлығын бітіріп келген студенттер; Эрасмус бағдарламасы бойынша қатысу сертификатын, практика өткізген мекемедегі жауапты тұлға тарапынан толтырылып қол қойылған практиканың бағасы көрсетілген оқу келісім-шартының “After Mobility” бөлімін Эрасмус координаторына тапсыруға міндетті болып табылады.

19.2 Эрасмус бағдарламасы аясында өткізілген практиканың студенттің оқитын бөліміндегі міндетті практикамен сәйкес келуі үшін тиісті бағдарламаның практика туралы ережесіне сай болуы керек. Практика оқу бағдарламасы бойынша міндетті болмаған жағдайда, шетелде өткізілген уақыт диплом қосымшасына жазылып қабылданады.

19.3 Бакалавр студенттері мен жоғары білімнен кейінгі ізденушілердің өткізген практикалары олардың транскриптеріне жазылады және диплом қосымшасына ұтқырлыққа барған мекеменің (оқу орны) аты жазылады.

19.4 Эрасмус бағдарламасына қатысқан студенттердің ұтқырлықты аяқтамай тастап кетуі, үлгерімі төмен болған жағдайда сол жылға қатысты нұсқаулық кітапшасында көрсетілген жағдайлар бойынша төлемдерді қайтаратын студенттерге өздері қол қойған келісім-шарт ережелері және басқа да тиісті заңнамалар негізінде заңды шаралар жүргізіледі. Төлемдерді қайтармаған студент оқуын (университетті) бітіре алмайды.

20. ЭРАСМУС БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҰТҚЫРЛЫҒЫ

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХҚТУ-026-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Эрасмус бағдарламасы туралы ереже		17 беттің 13-ші беті

20.1 Қызметкерлер ұтқырлығына өтініш беретін үміткерлерге қатысты талаптар және өтініш беру критерийлері

20.1.1 Қызметкерлер ұтқырлығы “Эрасмус бағдарламасы бойынша сабақ беру ұтқырлығы” және “Эрасмус бағдарламасы бойынша білім алу ұтқырлығы” болып екіге бөлінеді.

20.1.2 Эрасмус бағдарламасы бойынша сабақ беру ұтқырлығына,

а) Жоғары оқу орындарында профессор, доцент, доктор, оқытушы (сабақ беретін) болып жұмыс істейтін академиялық қызметкерлер өтініш бере алады.

б) Оқытушылардың сабақ беру ұтқырлығы; Ахмет Ясауи университетінде сабақ беретін оқытушының осы бағдарлама жүргізілетін елдердің бірінде ЕСНЕ-ға ие жоғары оқу орнында немесе екіжақты келісім жасалған ортақ елдердің Ахмет Ясауи университетімен / екіжақты келісімге серіктес болған мекемелерінде студенттерге білім беру үдерісін қамтамасыз ететін бағыт болып табылады. Жұмыстың (ұтқырлық) жарамды болып саналуы үшін ең кемінде 8 сағат сабақ берілуі міндетті болып табылады.

20.1.3 Эрасмус бағдарламасы бойынша білім алу ұтқырлығына,

а) Жоғары оқу орындарында ғылыми қызметкер және оқытушы болып жұмыс істейтін академиялық қызметкерлер мен әкімшілік-басқару қызметкерлері өтініш бере алады.

б) Оқытушылардың білім алу ұтқырлығы; Ахмет Ясауи университетінде жұмыс істейтін кез-келген қызметкердің осы бағдарлама жүргізілетін елдердің бірінде немесе екіжақты келісім жасалған ортақ елдердің бірінде білім алуын қамтамасыз ететін бағыт болып табылады. Осы бағыт бойынша қызметкердің істеп жатқан жұмысы/саласы бойынша білім-тәжірибесін арттыру мақсатында білімін жетілдіре алады. Конференцияларға қатысуға бұл бағытта қолдау көрсетілмейді. Білім алу үшін баратын мекемелер, кәсіпорындар, білім беру орталықтары, ғылыми-зерттеу орталықтары, сауда палаталарымен ұйымдары, мектеп, карьера жасауға бағыт-бағдар беретін ұйымдар және жоғары оқу орындары болуы мүмкін.

21. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҰТҚЫРЛЫҒЫНА ӨТІНІШ БЕРЕТІН ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ӨТІНІШ БЕРУ ҮДЕРІСІ

21.1 Эрасмус бағдарламасы бойынша өтініштер, тиісті жылға қатысты нұсқаулық кітапшасында көрсетілген тәртіп-негіздер бойынша Ахмет Ясауи университетінің Халықаралық байланыстар департаментінің интернет сайтында жарияланған тәртіп-тәсілдермен қабылданады.

22. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҰТҚЫРЛЫҒЫНА ҮМІТКЕРЛЕРДІ БАҒАЛАУ (САРАПТАУ/ҚАРАУ) ҮДЕРІСТЕРІ ЖӘНЕ ОРНАЛАСТЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ

22.1 Қызметкерлердің өтініштері вице-ректор тарапынан тағайындалған Эрасмус іріктеу комиссиясы тарапынан бейтарап әрі ашық түрде қаралып, қорытындысы жасалады.

22.2 Сабақ беру ұтқырлығына қатысатын оқытушыларды бағалау үдерісі 100-дік балл бойынша жүргізіледі. Бағалау үдерісінде негізге алынатын критерийлер, ұпайлар және осы ұпайлардың жалпы ұпайға шаққандағы пайыздық мөлшері Эрасмус координаторы тарапынан тиісті келісім-шарт жасалған жылдың нұсқаулық кітапшасына қарай анықталады.

22.3 Білім алу ұтқырлығына қатысатын оқытушыларды бағалау үдерісі 100-дік балл бойынша жүргізіледі. Бағалау үдерісінде негізге алынатын критерийлер, ұпайлар және осы ұпайлардың жалпы ұпайға шаққандағы пайыздық мөлшері Эрасмус координаторы тарапынан тиісті келісім-

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		<i>УЕ-ХКТУ-026-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Эрасмус бағдарламасы туралы ереже		17 беттің 14-ші беті

шарт жасалған жылдың нұсқаулық кітапшасына қарай анықталады.

22.4 Білім алу ұтқырлығына қатысатын қызметкерлерді бағалау үдерісі 100-дік балл бойынша жүргізіледі. Бағалау үдерісінде негізге алынатын критерийлер, ұпайлар және осы ұпайлардың жалпы ұпайға шаққандағы пайыздық мөлшері Эрасмус координаторы тарапынан тиісті келісім-шарт жасалған жылдың нұсқаулық кітапшасына қарай анықталады.

22.5 Тиісті жылға қатысты нұсқаулық кітапшасында берілген мәжбүрлі себептерден тыс өзінің бас тартқандығын айтпаған, мұны Эрасмус координаторына айтпаған қызметкердің мәселесі этикалық кеңеске жіберіледі.

22.6 Өтініш беру кезінде Халықаралық байланыстар департаментінің Білім алушылар, оқытушы-профессорлар құрамы мен қызметкерлердің академиялық ұтқырлығы туралы ережесінде берілген тіл біліктілігі сертификатын көрсетуі керек. Қызметкерлер ұтқырлығы бойынша қабылданатын өтініштерге тіл біліктілігі сертификатының жарамдылық мерзімі талап етілмейді.

23. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҰТҚЫРЛЫҒЫНА ҚАБЫЛДАНҒАН ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ҚАДАҒАЛАЙТЫН ҮДЕРІСТЕРІ

23.1 Қызметкерлер ұтқырлығына қатысатын қызметкерге берілетін күндік төлем мөлшері; баратын елге және баратын (болатын) мерзімге қарай нұсқаулық кітапшасында көрсетілген төлем мөлшері негізге алына отырып есептеледі.

23.2 Білім алу және сабақ беру ұтқырлығына қатысатын қызметкерге тиісті жылға қатысты нұсқаулық кітапшасында берілген ережелер шеңберінде күндік/апталық іс-сапар қаржысы және іс-сапар мерзіміне қарай іс-сапар ақшасы беріледі. Бұл төлемдер шетелде өткізілетін уақыт үшін іс-сапар шығындарына көмек ретінде беріледі. Іс-сапар шығыны төлемдері қатысушылардың тұратын (орналасқан) жерінен жұмыс жеріне бару және қайту үшін төлейтін шығындарына қосымша көмек ретінде беріледі. Іс-сапардың қашықтық (шақырым) мөлшері Европа комиссиясы тарапынан қамтамасыз етілетін шақырым есептеуіші арқылы есептеледі.

24. ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҰТҚЫРЛЫҒЫН БІТІРІП КЕЛГЕН ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ ҚАДАҒАЛАЙТЫН ҮДЕРІСТЕРІ

24.1 Қызметкерлер ұтқырлығын бітіргеннен кейін ЕО анкета формасын толтыруы тиіс.

25. ӘРТҮРЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

25.1 Осы ережеде қарастырылмаған мәселелер бойынша Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Жарғысының 15-ші бабы, 2547 санды Түркия Республикасының Жоғары білім туралы Заңының 14-ші және 44-ші баптары, сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің жоғары/жоғары білімнен кейінгі оқу және емтихан регламенті және Ұлттық агенттік тарапынан әрбір келісім-шарт кезені үшін дайындалған нұсқаулық кітапшасында берілген ережелерге қарай Эрасмус координаторы тарапынан жұмыс жүргізіледі.

25.2 Осы ережеде құқықтары мен жауапкершіліктері көрсетілген бөлімдер мен тұлғалар, халықаралық екіжақты келісімдердің негізінде Эрасмус бағдарламасына қатысты басқа да жұмыстарды жүргізуге жауапты болып табылады.

26. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-026-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Эрасмус бағдарламасы туралы ереже		16 беттің 15-ші беті

26. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

26.1 Университеттің осы ережесін басқару және өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

26.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

27. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

27.1 Осы университет ережесін талқылау және келісу Сенат отырысында жүзеге асырылады және хаттамамен рәсімделеді.

27.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қоданушыларға жіберу жауапкершілігі Халықаралық байланыстар департаментіне жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары келесі мекен-жайлар бойынша жіберіледі: Вице-ректорлар, факультет декандары, департамент және ғылыми-зерттеу институтының директорлары, кафедра меңгерушілері, оқытушы-профессорлар құрамы мен ғылыми қызметкерлер.

27.3 Осы университет ережесінің бақылау данасын Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығында сақтау жауапкершілігі орталық басшысына жүктеледі.

КЕЛІСІЛДІ

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры

Пусат Пилтен

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Идрисова

Заң бөлімінің басшысы

Г.Мусаханов

Адам ресурстарын басқару бөлімінің басшысы

Қ.Тубеков

Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы

Ж.Дарихбаев

